



Автор: БАЙЖАНОВА АЙГУЛЬ АСКАРОВНА

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Махаббат және абырой

Тақырып: «Бақытсыз Жамал» романындағы кейіпкерлер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу;
Сабақтың мақсаты:	Тақырыптағы негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу;
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Кестелер толтыра алады, өз көзқарастарын білдіреді, ой қорытынды жасайды. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: тура және жанама мінездеу, кейіпкер, сомдау
Күтілетін нәтиже:	Барлығы: Шығарманың мазмұнын таниды. Басым бөлігі: Шығарманы талдап, сюжеттік желілерін анықтай алады. Кейбірі: Кейіпкерлерді сомдауда мінездеулерді жіктей алады.
Бағалау критерийлері:	Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттайды. Өз көзқарасын білдіреді.
Құндылықтарды дарыту:	• Өзін де, өзгені де сыйлау. • Ынтымақтаса жұмыс жүргізу. • Ой-пікірін ашық жеткізу. • Ұлттық және адами құндылықтарға деген құрмет.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайд
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, тарих, өзін-өзі тану
Бастапқы білім:	Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Қызығушылықты ояту . □ Дүниедегі барлық нәрсеге не қажет? (Атау,есім) □ Өзі менің әкемнің баласы, бірақ маған аға да, іні де емес.Бұл кім болғаны? (Мен өзім). «Жартыңды тап» Мақал-мәтелдердің сыңарлары жазылған парақшалар арқылы топтасады. 1.Оқу – білім бұлағы, Білім – өмір шырағы. 2.Асыл – тастан, Ақыл – жастан. 3. Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады. (3 топқа бөлінеді)	Кеспе қағаз

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	1-тапсырма. Жеке жұмыс. «Кейіпкерді атаймыз» Роман кейіпкерлерін еске түсіру. 1. Сәрсенбай шаңырағына шыр етіп дүниеге келген сәбидің есімі? (Жамал) 2. Жамалдың анасының есімі кім? (Шолпан) 3. Жамалдың оқытушысының есімі кім? (Фазиз) 4. Сәрсенбай өз қызын қай байдың ұлына ұзатады? (Байжан) 5. Байжанның ұлының есімі және жасы нешеде? (Жұман , жасы-17) 6. Жамал жиын- тойда қандай жігітті кездестіреді? (Ғали) 7. Ғали Жамалды алып қашып кімнің үйінде паналайды? (Фатихолла) 2-тапсырма. Топтық жұмыс. «Т» кестесі «Жамал трагедиясы –бүкіл халықтық трагедия ма, әлде бір қыздың бас қайғысы ма?» мәселесі негізінде Т сызбасын толтыртып және топта талқылату. Халықтықтрагедия Жеке бастың қайғысы Дескриптор: - Ұсынылған пікірді өз сөзіменөрбітеді - Пікірді мысалмен дәлелдейді. - Қорытынды жасайды. 3-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Кейіпкерге мінездеме» Кейіпкерлергепортреттік мінездеме беру. Кейіпкер Тура мінездеу Жанама мінездеуСәрсенбай Шолпан Жамал Ғали Жұман Дескриптор: - кейіпкердіңпортреттік мінездемелерін жазады. - кейіпкер туралы ой қорытындысынжеткізеді. 4-тапсырма.Топтық жұмыс. «Бірге талқылаймыз» Жамалдыңмінезіне байланысты берілген анықтамаларды дәлелдеу үшін шығармадан үзінділерді тауып, талдау. Мінез ерекшелігі Шығармадан үзінді Менің ойымша... Мақсаты бар Зерек, оқуға бейім Ақылды Ақын Дескриптор: - өз пікірін дәлелдеуде үзіндіні орынды қолданады. - үзінді бойынша қорытынды шығарады.	А-4, кестелер, слайд
Сабақтың соңы (2 минут)	"Менің пікірім" Оқушылар шығарманы басшылыққа алып,өз пікірін білдіреді. Автор Жамал бейнесін ашуда қандай сөздер қолданған?	Стикер
Рефлексия (3 минут)	Кері байланыс « Мен үшін» Оқушының аты-жөні Сыныбы Пәні Сабақтағы жетістігім Сабақтағы жаңалық Сабақта ұнаған тәсіл Сабақтағы басты қиындық	Парақшалар